

"Бекітемін"

Мектеп директоры:  А.Аскарбекова

**Жаназол жалпы білім беретін мектебінің бейінді оқыту бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Оспанов А.А.

Жанажол жалпы білім беретін мектебінің бейінді оқыту бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

I бөлім. Кіріспе

➤ 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстарға қысқаша талдау және 2025-2026 оқу жылының максаттары мен міндеттері.

II бөлім.

➤ Басшылыққа алынатын мемлекеттік қаулылар мен нұсқаулықтар, нормативтік-құқықтық құжаттар.

III бөлім.

➤ 2025-2026 оқу жылына арналған бағдарлы оқыту және кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспары;

- Оқу тәрбие үрдісін ақпараттандыр;
- Әдістемелік жұмыс;
- Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және әртүрлі деңгейдегі байқаулар мен пән олимпиадаларына қатыстыру жұмысы;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар;
- Жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірігіп, кәсіби бағдарлау жұмысы;
- Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік жұмысы
- Мектепшілік бақылау жұмысы;
- Кәсіптік бағдар жұмысы;

Кіріспе

Жаназол жалпы білім беретін мектебінің 2024-2025 оқу жылында бағдарлы оқыту мен кәсіби бағдар бойынша атқарылған жұмыстар есебі

Бейінді оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құрудың және оны жүзеге асыруын, оқушының отбасында, жергілікті және аймақтық ортада әлеуметтендіруін, оқушыларды орта және жоғары оқу орындарына дайындау үшін орта жалпы білім беру бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету болып табылады. Осы мақсатта өткен оқу жылында үш бағытта жұмыстар жүргізіліп, жүзеге асырылды.

- Оқушылармен жұмыс;
- Ата-аналармен жұмыс;
- Педагог кадрлармен жұмыс.

2024-2025 оқу жылында 9-сыныпта 59 оқушы білім алды. Оқушылардың кәсіби ой-ниетін анықтау, олардың мамандық туралы хабардарлығы, табандылықты зерттеу, кәсіби тұлғалық типті бағалау, оқушылардың кәсіби қызығушылығы мен бейімділігі, кәсіптік ынталандыруын зерттеу бағыттары бойынша сауалнамалар алынып, қорытындысы жасалынды. 59 оқушының 16-сы колледжді, 41-і 10-сыныпта оқуын жалғастыруды таңдады. 2 оқушы басқа мектепке ауысуларына байланысты мектептің есебінен шығарылды. Сынып жетекшілері болып Баударбекова Қалдығыз бен Оразбаева Орынқұл бекітілді.

9-11-сынып оқушыларынан мамандық таңдау тақырыбында шығарма, сауалнамалар алынып, оларға бағдарлы сыныптардағы таңдау курстары таныстырылды. Таңдау курстары оқушы сұранысына сәйкес ұйымдастырылды. Сонымен қатар ата-аналармен жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты жұмыстар жасалынды. Ата-аналарға жаңартылған білім беру мазмұны мен бағдарлы оқытуға байланысты түсініктер беріліп, мамандық таңдаудағы ата-ананың балаға тигізетін әсерін зерттейтін сауалнамалар алынды. Сонымен қатар «Жаңартылған білім нысаны-жеке тұлғаны дамыту» тақырыбында ата-аналармен отырыс өткізіліп, ата-аналарға оқушы портфолиосы жайлы түсінік беріліп, алдағы оқу жылындағы таңдау, қолданбалы курс жоспарлары мен әдістемелік құралдарын жүйелі жоспарлау міндеттелінді. Ағымдағы оқу жылында осы атқарылған жұмыстарды жандандыру мақсатында алға мынадай міндеттерді жүктеп отырмыз:

- Оқушылардың дара даму ерекшелігін, қызығушылығын, қоршаған ортасын танып білу.
- Ата-аналармен байланысты нығайту.
- Оқушылардың өзін-өзі басқаруын ұйымдастыру, өз бетінше кәсіби бағдар алатын жағдай қалыптастыру.
- Оқушының кәсіби бағдарлануына ықпал ететін іс-шаралар ұйымдастыру.
- Ата-аналарға ақпараттық көмек беретін іс-шаралар жоспарлау.
- Мектептен тыс мекемелермен мұғалімдер бірлесіп отырып іс-қимыл жасау жұмысын жетілдіру.
- Портфолио жұмыстарын жинақтау, жетілдіру.

Бейіндік оқыту жұмыстарын одан әрі жандандыру мақсатында алдымызға мынадай мақсаттар мен міндеттер қойып отырмыз.

- Оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құру.
- Кәсіпке бағдарлау.

- Жоғары оқу орындарына дайындау.
- Бейінді оқытуды басқаруды ұйымдастыру.
- Мамандық таңдауға бағыт беру.
- Сапа көрсеткішін арттыру.
- Жетістіктер портфолиосын дамыту.

2024-2025 оқу жылында мектебімізде 69 мұғалім қызмет атқарды. Біліктілік санаттары бойынша педагог-шебер-1; педагог-зерттеуші-17; педагог-сарапшы-16; педагог-модератор-16. Ұстаздардың тұлғалық қасиетін талдау, кәсіби біліктілігі мен шеберлігін жетілдіру, инновацияларды меңгеруге үйрету уақыт талабы. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға арналған перспективалық жоспар жасалып бекітілді. Қолданбалы таңдау курсында кездесетін қиыншылықтарды өткізу деңгейін, оқушының білім сапасын анықтау мақсатында мұғалімдерге әдістемелік-теориялық көмектер көрсетіліп, ақыл-кеңестер, ұсыныстар айтылып, соның негізінде түзету жұмыстары жүргізілді. Вариативті бөліктен жүргізілетін курстар бойынша 1-4, 5-9, 10-11 сыныптарға сағаттар кестесі жасалынып бекітілді.

Бейінді оқытудың мақсаты – Тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру мақсатында, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіптік мамандықты, оның ішінде білім алушының ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, саналы таңдау және меңсеруге негіз қуру.

Міндеті – жоғары сыни ойлау дәрежесіндегі тұлға қалыптастыру.

Нәтижелігі - өзара байланыс нысандарын бір механизмге жүйелендіру:

- бейімалды (5-9 сын) және бейінді (10-11 сын) сыныптар бойынша мұғалімдердің нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуін, ізденуін қамтамасыз ету.

Негізгі бағыттар:

- Оқу тәрбие үрдісін ақпараттандыр;
- Әдістемелік жұмыс;
- Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және әртүрлі деңгейдегі байқаулар мен пән олимпиадаларына қатыстыру жұмысы;
- Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар;
- Жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірігіп, кәсіби бағдарлау жұмысы;
- Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік жұмысы
- Мектепшілік бақылау жұмысы;
- Кәсіби білім беру жұмысы;

Басшылыққа алынатын мемлекеттік қаулылар мен
нұсқаулықтар, нормативтік-құқықтық
құжаттар

- ✦ "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы.
- ✦ Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224

бұйрығы. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 17 тамыздағы № 371 бұйрығы, Орта және арнаулы білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығы.

- ✦ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
- ✦ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
- ✦ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
- ✦ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
- ✦ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
- ✦ «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
- ✦ 2025-2026 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат.

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
I. Оқу тәрбие үрдісін арттырудың маңызды жұмысы	2025-2026 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау-нгеру жұмыстары;	ДБОЖО Оспанов А.	Тамыз
	«Қазақстан Республикасы Оқу Ағарту Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 «Жалпы білім беру мен курстардың бастауын, негізгі орта және жалпы орта білім берудің деңгейін таңдаудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау. Бейінді оқытуда қолданбалы және элективті курстары бағдарламаларын әдістемелік кеңесте қарап бекіту.	ДБОЖО Оспанов А.	Тамыз
	Бейінді оқытуға байланысты 2025-2026 оқу жылына арналған: - жылдық жұмыс жоспарын жасап, бекітуге ұсыну; - Іс-шаралар жоспарын жасау;	ДБОЖО Оспанов А.	Тамыз
	Бейінді сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдерінің сандық сапалық құрамын анықтау;	ДБОЖО Оспанов А.	Тамыз
	Негізгі мектеп пен мектеп бітіруші түлектердің орналасуы; 2024-2025 оқу жылындағы бітірушілердің рейтингісін жасау.	ДБОЖО Оспанов А.	Тамыз
	Мектепті бітірушілердің қорытынды білім беру рейтингісін жасау;	ДБОЖО Оспанов А.	Тамыз
	Бейіналды сыныптарда оқушылардың қолданбалы, таңдау курстарын дұрыс таңдауына кеңес	ДБОЖО Оспанов А.	Тамыз

	беру;		
	Бейінді сыныптарда қолданбалы және таңдау курстары бойынша: - Пән мұғалімдерін бекіту; - Күнігібе жоспарларын жасау; - Оқушылар өтініштері; - Әдістемелік кеңеске бекітуге ұсыну;	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
	Оқушылардың қабілеттері мен бейімділігін ескеріп, өтініштері бойынша бағыттарға бөліп, бейімдік білім беруді ұйымдастыру;	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
	10 – сыныпты жинақтау үшін (9-сынып) оқушылардан және ата-аналардан сауалнама алу жасау.	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
	Алынған сауалнамалар мен бітірушілердің мониторинг қорытындысы бойынша сыныпты жасақтау (бұйрық шығару);	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
	2025-2026 оқу жылына бағдар бойынша: 9-сынып бітіруші оқушылардың өтініштері бойынша бағдарлы сыныптарға орналастыру: - Бұйрық шығару; - Әрбір оқушыға мәліметтер қорын жасау өтініш, анкета, оқу процесіндегі оқушының жетістігі т.б.	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
	Оқушылардың бейімді оқытуға даярлығын зерттеу (сауалнама т.б);	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
	Таңдау пәні және мамандықтар комбинациясы 10-сыныптар үшін;	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
	ҰБТ-дегі өзгерістер 11-сынып үшін;	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
	“Жаңа мамандықтар - өмір талабы” ақпараттық кеңес беру сағаты;	ДБӨЖО Оспанов А.	Тамыз
2. Әдістемелік жұмыс	Пән мұғалімдердің қолданбалы және элективті курс бағдарламалары мен түрлі байқауларға қатысуын ұйымдастыру;	ДБӨЖО Оспанов А.	Қыркүйек
	Қолданбалы және элективті курстардың өтілу жағдайын бақылау (факультатив сабақтарына өзара қатысуды ұйымдастыру);	ДБӨЖО Оспанов А.	Қыркүйек

10, 11-сыныптардағы мектеп оқушыларының білім сапасының динамикасын жасау; (перспективалық болжам)	Менеджер ұйымдастырушылар, пән мұғалімдері;	Әр тоқсан сайын
Оқудың жаңа шарттарымен, жаңа мұғалімдермен, талаптармен таныстыру мақсатында 5, 10- сынып оқушыларын бейімдеу бағдарламасын бекіту және енгізу. - Педагогикалық консилиумдар өткізу; - Жекелеген оқушылармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру; - Психологтардың сүйемелдеуі мен қолдауы;	ДБЖО Оспанов А, ДОЖО-лары Бегасилов Б., Ажитаев Қ. Педагог- психолог Қалмұратова Ұ.	Қазан
Мұғалімдердің шығармашылығын дамытуда қолданбалы, таңдау курстарынан ашық сабақтар, танымдық сайыстар, педагогикалық оқулар ұйымдастыру;	ДОЖО Бегасилов Б., тренерлер	Жыл бойы
Бағдарлы 10 -11 сынып оқушыларынан қолданбалы таңдау курстары бойынша бақылау жұмыстарын алу;	Пән мұғалімдері	қыркүйек
Біліктілігін арттыру курстарына баратын мұғалімдер перспективалық жоспарын әзірлеу;	ДОЖО Бегасилов Б.	тамыз
Инновациялық технологияларды қолдану бағытында: -жобалық жұмыстарды ұйымдастыру;	ДОЖО Бегасилов Б.,	Қыркүйек, Қаңтар, мамыр
Әдістемелік тәсілдерді жетілдіру арқылы, білім беру сапасын арттыру бойынша педагогтерге оқу семинарлары, коучингтер мен тренингтер ұйымдастырып өткізу.	ДОЖО Бегасилов Б.	кезінде
Мектептің педагогикалық кеңесінде, ӘБ,ӘК-де бейінді пәндер бойынша білім сапасын көтеру мәселелерін қарау.	ДБЖО Оспанов А, ДОЖО-лары Бегасилов Б., Ажитаев Қ.	Жылына екі рет
Педагог –психолог маманның дарынды оқушылардың картасын жасауына тақырыптық бақылау жасау;	Педагог-психолог Қалмұратова Ұ.	қазан
Оқушыларды диагностикалаудың интерактивті формаларын қолдану талаптарын, күшті және әлсіз жақтарын көрсете отырып талантты оқушылар базасын кеңейту;	Педагог-психолог Қалмұратова Ұ.	Қазан, ақпан
Оқушылардың таңдау пәндерінің оқытылу сапасын бақылау;	ДОЖО-лары Бегасилов Б., Ажитаев Қ.	Желтоқсан, наурыз

	Бейін алдындағы дайындық және бейіндік оқыту желісінде білім алушылардың сабақтарын ұйымдастыру;	ДБОЖО Оспанов А., ДОЖО Ажитаев Қ.	Қыркүйек-қаңтар
3. Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және әртүрлі деңгейдегі байқаулар мен пән олимпиадаларына қатыстыру жұмысы	Бейінді пәндер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйлестіру;	ДОЖО Бегасилов Б., магистр мұғалімдер	Жыл бойы
	Бейінді пәндер бойынша пәндік олимпиадаларға дайындық жоспарын жасау және қатыстыру;	ДОЖО Ажитаев Қ., Менеджер ұйымдастырушылар	Қыркүйек, қараша, қаңтар
	10-11 сынып оқушыларының әртүрлі деңгейдегі байқаулар мен конкурстарға қатысуын қадағалау;	ДОЖО Ажитаев Қ., Менеджер ұйымдастырушылар	Үнемі
	Оқушылардың ғылыми қоғамдастығы жұмысын (ОҒҚ) ұйлестіру;	Магистр мұғалімдер	Жыл басында
	Дарынды балалардың әртүрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларға қатысуын ұйымдастыру;	ДОЖО Ажитаев Қ.,	Жыл бойы
4. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар	Бағдарлы сынып оқушыларының әлеуметтік картасын дайындау (10-11 сынып)	Сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог Кендірбаев Т.	Қыркүйек
	Ата-аналарды бейінді оқыту механизмі және шарттарымен таныстыру;	ДБОЖО Оспанов А., сынып жетекшілер	Әр тоқсан сайын
	Ата-аналарды бейінді пәндер комбинациясымен таныстыру және ЖОО туралы мәліметтер беру;	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Қыркүйек
	"Ата-аналар күні" ашық есік күні. Ата-аналарға кеңестер.	ДБОЖО Оспанов А., Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Жыл бойы, (белгіленген ашық есік күні)
	ҰБТ-тегі өзгерістер туралы мәлімет беру; "Мамандықтар атласы" мен таныстыру;	ДБОЖО Оспанов Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Қазан

	11-сынып ата-аналарымен "ҰБТ-ге дайындалудың тиімді әдіс-тәсілдері" (Дөңгелек үстел);	Сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Қараша
	"Бала таңдауына қолдау" 9-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс.	Сынып жетекшілері	қаңтар
	Мектепті бітірушілердің қорытынды білім беру рейтингісін жасау	Әдістемелік кеңес мүшелері	Тамыз
5. Жоғары техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарымен бірігіп, кәсіби бағдарлау жұмысы	Аймақтағы кәсіптік білім беру колледждермен келісім шартқа түру.	Кәсіптік бағдар педагогі Қалдыбаева Г.	Кезінде
	ПШО, Назарбаев интеллектуалды мектебі, Түркістан облысы және Шымкент қаласындағы жоғарғы оқу орындарымен меморандумға түру.	ДБОЖО Оспанов А. КББП Қалдыбаева Г.	Кезінде
	10-11 сынып оқушыларының мамандық таңдау мотивтерін және мінез ерекшеліктерін зерттеу	Кәсіптік бағдар педагогі Қалдыбаева Г., Педагог-психолог Қалмуратова Ү.	Жыл бойы
6. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік жұмысы	Мұғалімдердің цифрлық сауаттылық бойынша курстан өтуін ұйымдастыру;	Директор орынбасарлары,	тамыз
	Цифрлық теңсіздікті жою жолдарын қарастыру;	ДОДЖО Ажитаев К.	Жыл бойы
7. Мектепшілік бақылау жұмысы	Мектепті дамыту жоспарына сай құжаттамаларды дайындау;	ДОДЖО Ажитаев Қ.	Үнемі
	Мектепшілік бақылау жоспарының орындалуына сай құжаттардың болуы;	ДОДЖО Ажитаев Қ.	Үнемі
	Педагогикалық және ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамалары;	ДОДЖО Бегасилов Б.	Белгіленген уақытта
	Халықаралық зерттеулерге қатысу дайындығы (PISA)	ДОДЖО Бегасилов Б.,	Жыл бойы
8. Кәсіби бағдар жұмысы	1-сыныптан 11-сыныпқа дейін кәсіптік бағдар беру жұмысының жүйелілігі мен сабақтастығын үйлестіру;	Кәсіптік бағдар беру педагогі Қалдыбаева Г.	Әр тоқсан сайын
	Жоғары сынып оқушыларының бейінді және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі бойынша педагогикалық кеңестер және өндірістік кеңестер өткізу;	ДБОЖО Оспанов А. КББП Қалдыбаева Г.	Белгіленген уақытта
	Бейін алдындағы дайындық және бейіндік оқыту барысында кәсіптік бағдарлау жұмыстарына жетекшілік ету.	ДБОЖО Оспанов А. Кәсіптік бағдар беру педагогі Қалдыбаева Г.	Жыл бойы

"Бекіткенін"

Мектеп директоры

А.Асқарбекова



**Жаңажол жалпы білім беретін мектебінің үйде оқытылатын оқушылармен
2025-2026 оқу жылында жүргізілетін жұмыс жоспары**

№	Жүргізілетін жұмыс түрі	мерзімі	жауаптылар
1	Оқу жылы басында үйде оқытылатын оқушыларды анықтап, құжаттарын реттеу. ПМПК қорытындысын алу	тамыз	ДБОЖО Оспанов Мектеп психологі Қалмұратова Ү.
2	Оқушыға үйден білім алуға мүмкіндіктер жасау (оқулықтармен, партамен, тақтамен қамтамасыз ету)	тамыз	Кітапханашы Қуат, әлеуметтік педагог Кендірбаев, шаруашылық менгерушісі Көменбаев.
3	Оқу жылы бойынша үйде оқытылатын оқушылар туралы педагогикалық кеңеске анықтама жасау	тамыз	ДБОЖО Оспанов А.
4	Үйде оқыту бойынша пән мұғалімдерінің жылдық жоспарлары мен арнайы құжаттарын тексеріп, бекіту	Қыркүйек	Бірлестік жетекшілері, ДБОЖО Оспанов А. Мектеп директоры
5	Үйде оқытылатын оқушыға жасалған сынып жетекшісінің жылдық жоспарын тексеріп, бекіту	Қыркүйек	ДТЖО Ералиева Б., Мектеп директоры
6	Мектепте өтетін түрлі мерекелік іс-шараларға үйде оқытылатын оқушыларды ата-аналарымен бірге денсаулық жағдайларына қарай қатыстыру	Жыл бойы	Сынып жетекшілері, Ұйымдастырушы педагог Медеу А. ДТЖО Шерімбетова.
7	Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналарымен олардың денсаулық жағдайы, сабақ үлгерімі туралы байланыс жасап отыру	Үнемі	Сынып жетекшілері
8	Үйде оқытылатын оқушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мұғалімдерден есеп алып отыру	Әр тоқсан сайын	ДБОЖО Оспанов А.

9	Үйде оқытылатын оқушыларға берілген оқу құрал-жабдықтарының ұсталуына бақылау жасау	Ай сайын	Кітапханашы Н.Қуат, Шаруашылық менгерушісі Көменбаев
10	Үйде оқытылатын оқушының даму диаграммасын жасау	Ай сайын	Мектеп психологі Қалмұратова Ұ.
11	Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналармен байланыс жасай отырып, олардың талап-тілектерін орындау	Ай сайын	Мектеп әкімшілігі
12	Үйде оқытылатын оқушылардың денсаулық жағдайларына қарай келесі оқу жылына құжаттарын дайындау үшін аудандық ПМПК қызметкерлерімен байланыс орнату	сәуір	ДБОЖО Оспанов Мектеп психологі Қалмұратова Ұ. Дефектолог Арапова Т.
13	Оқу жылы соңында атқарылған жұмыстарға талдау жасау	мамыр	Мектеп әкімшілігі

Директордың бейіндік оқу орынбасары:  Оспанов А.